



«Павлодар педагогикалық университеті» КЕАҚ Директорлар кеңесінің шешімімен (2021 жылғы 13 шілдедегі № 2) бекітілген

«Павлодар педагогикалық университеті» КЕАҚ-на жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша 2020-2021 оқу жылдарына оқуға қабылдау ережелері

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы «Павлодар педагогикалық университеті» КЕАҚ – на (әрі қарай – ППУ КЕАҚ) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша 2020-2021 оқу жылдарына оқуға қабылдау Ережелері Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» № 600 бұйрығына, басқа да нормативтік-құқықтық актілеріне сәйкес жасалған және ППУ КЕАҚ-на Қазақстан Республикасының азаматтарын, ҚР азаматы болып табылмайтын, қазақ ұлтының тұлғаларын, шетел азаматтарын және азаматтығы жоқ тұлғаларды жоғары оқу орны және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша оқуға қабылдауды регламенттейді.

2. ППУ КЕАҚ-на жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары білімнен кейінгі білімі бар тұлғалар қабылданады.

3. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымына (әрі қарай – ЖЖОКБҰ) тұлғаларды қабылдау республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен жоғары білімнің білім беру грантын тағайындау, сондай-ақ білім алушылардың өз қаражаты мен басқа да көздер есебінен оқуға ақы төлеуі арқылы жүзеге асырылады.

4. Ұлты қазақ, бірақ ҚР азаматтығы жоқ тұлғаларға мемлекеттік білім беру тапсырысына сәйкес конкурс негізінде тегін жоғары білім алуға құқық беріледі және ҚР халықаралық келісімшарттарымен анықталады.

5. Жоғары білім беру бағдарламаларына оқуға түсушілер конкурс арқылы білім беру грантын алу үшін Ұлттық бірыңғай тестілеуге қатысуға, сонымен қатар, оқуға қабылдауға, жатақханадан орын алуға электрондық үкімет порталы немесе ҚР БҒМ Ұлттық бірыңғай тестілеу орталығы арқылы онлайн-форматта құжаттарын тапсырады.

6. Жоғары оқу орындарының ақпарат жүйесі арқылы құжаттарын келесі тұлғалар береді:

- шетел азаматтары;
- магистратураға түсушілер;
- докторантураға түсушілер.

2-тарау. Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына қабылдау рәсімі

7. Жоғары оқу білім беру бағдарламаларын іске асыратын оқу орнына жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білімі бар адамдар қабылданады.

8. Жоғары оқу орындары білім алушыларының контингентін қалыптастыру республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен жоғары білімнің білім беру грантын тағайындау, сондай-ақ білім алушылардың өз қаражаты мен басқа да көздер есебінен оқуға ақы төлеуі арқылы жүзеге асырылады.

9. Жоғары білімнің білім беру бағдарламалары бойынша қабылдау күндізгі және (немесе) экстернат оқу нысанында жүзеге асырылады.

10. Түсушілер республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен немесе мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша республикалық бюджет есебінен жоғары білім грантын тағайындау конкурсына қатысу үшін 6 мамырдан бастап 30 маусым аралығында өткізілетін Ұлттық бірыңғай тестілеу (әрі - ҰБТ) сертификаты болу керек. Шекті балл белгіленген Тағайындау қағидаларымен анықталған.

11. Оқуға түсушілер мәлімдеген білім беру бағдарламалары топтарының кезектілігіне сәйкес білім беру грантын беру туралы куәлік беріліп, Ұлттық бірыңғай тестілеу (бұдан әрі – ҰБТ) нәтижелеріне сәйкес білім беру бағдарламаларының нақты топтары бойынша конкурстық негізде беріледі.

Бейіндік пәндер сәйкес келген жағдайда оқуға түсуші шығармашылық топтық білім беру бағдарламаларынан басқа білім беру бағдарламаларының төрт тобына дейін көрсете алады.

12. Студенттер қатарына түсушілерді қабылдау білім беру бағдарламаларының тобына сәйкес нақты білім беру бағдарламасы бойынша жүргізіледі.

13. Өзінің жеке қаражат есебінен немесе басқадай қаражат көздерінен ақылы түрде оқуға түсу үшін түсушінің қаңтар, наурыз, маусым айларында өткізілген ҰБТ сертификаты болуы керек. Шекті балл Типтік қағидалармен анықталған.

14. Қаңтар, наурыз, мамыр-маусым айларында өткізілген ҰБТ сертификаттары 2021 жылдың 31 желтоқсанына дейін бұрынғы немесе содан кейінгі ҰБТ тапсырысына қарамастан жарамды болып табылады.

Түсуші ақылы түрде оқуға қабылдау үшін қалауы бойынша 2021 жылғы сертификаттың біреуін ұсына алады. Бейіндік пәндердің комбинациясы білім беру бағдарлама топтамасына сәйкес келу керек.

15. Бейіндік пәндердің комбинациясын таңдау барысында олардың реттілігі емес, жиынтығы есепке алынады.

16. ҰБТ-дан өткен және республикалық, жергілікті бюджеттен немесе мақсатты трансферттер аясында республикалық бюджеттен түскен қаражат

арқылы білім грантын тағайындау конкурсына қатысқысы келсе немесе ҰБТ нәтижесімен ақылы түрде түскісі келсе орта, техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі түлектері келесіні жинау қажет:

16.1 Білім беру оқу бағдарламаларында толық көлемде оқу:

- **«Педагогика ғылымдары» бағыты** – кемінде 75 балл, сонымен қатар Қазақстан тарихынан - кемінде 5 балл, математикалық сауаттылықтан, оқу сауаттылығынан – оқыту тілінде және әр бейіндік пән бойынша - кемінде 5 балл.

- **шығармашылық дайындықты қажет ететін** – Қазақстан тарихынан - кемінде 5 балл, оқу сауаттылығынан – оқыту тілінде және әр шығармашылық емтихандар бойынша кемінде 5 балл.

16.2 Қысқартылған көлемде оқытумен кадрларды дайындаудың ұқсас мамандықтар бағыттары бойынша білім беру бағдарламаларына:

- **«Педагогикалық ғылымдар» бағыты** – кемінде 25 балл, сонымен қатар жалпы бейіндік пәндер бойынша кемінде 5 балл және бейіндік пәндер бойынша кемінде 5 балл.

- **шығармашылық дайындықты қажет ететін** - кемінде 25 балл, сонымен қатар шығармашылық емтихандар бойынша кемінде 5 балл және бейіндік пәндер кемінде 5 балл.

Техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі «орта деңгейдегі маман» немесе «қолданбалы бакалавр» біліктілігі бар тұлғаларды, жоғары білімді кадрларды дайындаудың ұқсас бағыттары бойынша қысқартылған оқыту көлемін көздейтін ақылы түрде түсушілерді қабылдау ППУ КЕАҚ қабылдау комиссиясымен жүзеге асырылады.

16.3 Жоғары білімі бар тұлғаларды қысқартылған оқыту көлемін көздейтін білім беру бағдарламаларының топтарына қабылдау ППУ КЕАҚ қабылдау комиссиясымен жүзеге асырылады.

16.4 Шетел азаматтарын ақылы негізде ППУ КЕАҚ-қа қабылдау ЖОО қабылдау комиссиялары өткізетін әңгімелесу нәтижелері бойынша күнтізбелік жыл ішінде жүзеге асырылады. Бұл ретте шетел азаматтарын қабылдау академиялық күнтізбеге сәйкес келесі академиялық кезеңнің басталуына дейін 5(бес) күн бұрын жүзеге асырылады.

17. «Шет тілі (ағылшын)» бейіндік немесе арнайы пән ретінде таңдаған жағдайда, шет тілін (ағылшын) жалпы еуропалық стандарттарға сәйкес меңгеру жөнінде дәлелдейтін халықаралық сертификат болса, республикалық және жергілікті бюджеттерден білім беру грантына ие болу үшін конкурсқа өтініш берген кезде және ақылы түрде ЖОО-ға қабылдау барысында орта және техникалық, кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі түлектерге 45 балл; білім беру бағдарламаларына қысқартылған оқу көлемінде түсетіндерге – 50 балл саналады.

Республикалық және жергілікті бюджеттердің қаражаты арқылы білім грантына иелену конкурсына өтініш беру кезінде немесе ЖОО-ға ақылы түрде қабылдану кезінде сертификаттың түпнұсқалығы мен қолданылу мерзімін ЖОО тексереді.

18. Білім беру грантын алуға арналған конкурс өткізілген кезде, балдар тең болған жағдайда басым құқық мынадай кезектілік бойынша беріледі:

1) "Алтын белгі" белгісімен марапатталған тұлғалар;

2) патриоттық танытқаны және белсенді азаматтық ұстанымы үшін ерекшелік белгісімен наградталған тұлғалар (Елбасы медальдары);

3) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының білім туралы құжаттары бар, біліктілігін растаған және мамандығы бойынша кемінде бір жыл жұмыс өтілі бар тұлғалар;

4) тізбесін білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындайтын жалпы білім беретін пәндер бойынша халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарының (ғылыми жарыстардың) (бірінші, екінші және үшінші дәрежелі дипломдармен марапатталған), орындаушылардың халықаралық және республикалық конкурстарының және спорттық жарыстардың (бірінші, екінші және үшінші дәрежелі дипломдармен марапатталған) соңғы үш жылдағы жеңімпаздары, сондай-ақ өздері таңдаған мамандықтар олимпиаданың, конкурстың немесе спорттық жарыстың пәніне сәйкес келген жағдайда жалпы білім беретін пәндер бойынша ағымдағы оқу жылында президенттік, республикалық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарының (бірінші, екінші және үшінші дәрежелі дипломдармен марапатталған) жеңімпаздары;

5) жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, сондай-ақ кәмелеттік жасқа толғанға дейін ата-анасынан айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жастардың қатарындағы Қазақстан Республикасының азаматтары, бірінші және екінші топтардағы мүгедектер, басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлері, жеңілдіктері бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген ардагерлер, медициналық қорытындыға сәйкес тиісті білім беру ұйымдарында оқуға қарсы көрсетілімдері жоқ бала кезінен мүгедектер, мүгедек балалар және үздік білімі туралы құжаттары (куәліктері, аттестаттары, дипломдары) бар адамдар.

Бұл ретте балдардың көрсеткіштері бірдей болған жағдайда білім беру гранттары аттестаттың, куәліктің немесе дипломның орташа балдары жоғары тұлғаларға беріледі.

19. Білім грантын иелену конкурсына қатысушылар төменде берілген санаттағы түсушілер үшін мемлекеттік тапсырыс бойынша бекітілген ЖОО қабылдау квоталарының мынадай көлемдері белгіленген:

- I, II топтағы мүгедектерге, бала кезінен мүгедектерге, мүгедек балаларға – 1 пайыз;

- Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне жеңілдік пен кепілдік бойынша теңестірілген тұлғаларға – 0,5 пайыз;

- ауылдың әлеуметтік-экономикалық дамуын анықтайтын білім беру бағдарламаларының топтарына ауыл жастары қатарындағы азаматтарға – 30 пайыз;

- ұлты қазақ, бірақ Қазақстан Республикасының азаматы емес тұлғаларға – 4 пайыз;

- жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға, кәмелеттік жасқа дейін ата-анасынан айырылған және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жастар қатарынан, Қазақстан Республикасының азаматтарына – 1 пайыз.

Ауыл квотасын қоспағанда, берілген квоталар түсуші өтініш білдірген барлық білім беру бағдарламаларының топтарына таралады.

Қазақстан Республикасының жоғары және жоғары білімнен кейінгі ұйымдарға қабылдау квотасы қарастырылатын, ауылдың әлеуметтік - экономикалық дамуын анықтайтын білім бағдарламалары топтамасының тізімі ҚР БҒМ 2019 жылғы 30 мамырдағы №247 бұйрығымен бекітілген.

Сонымен қатар Қазақстан Республикасы Үкіметімен анықталған, өңірлерге қоныс аударған ауыл жастарының қатарындағы азаматтар үшін мемлекеттік тапсырыс көлемі бекітілген ЖОО - ға қабылдау квоталарының мөлшері белгіленген – 10 пайыз.

Осы квотаның шеңберінде білім грантына Алматы, Жамбыл, Қызылорда, Түркістан, Маңғыстау облыстарының ауылдық жерлеріндегі білім беру ұйымдарын бітірген тұлғалар қатысады.

20. ҚР заңнамасына сәйкес («Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы ҚР Кодексі»), «Қазақстан Республикасындағы бала құқығы туралы» ҚР Заңы) екі мәртебе анықталды: «жетім бала» және «ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар».

«Жетім бала» мәртебесін ата-анасының өлімі туралы куәлік дәлелдейді.

«Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған бала» мәртебесінің дәлелі: соттың шешімі бойынша ата-ана құқығынан айыру, ата-ана құқығына шектеу қою, ата-аналары жоғалған деп мойындау, әрекетке қабілетсіз (іс-әрекетке қабілеті шектеулі), өлді деп жариялау, ата-ананың түрмеде жазасын өтеу туралы соттың үкімі, ата-анасына іздеу салу туралы, ата-анасынан баланы алып қою, денсаулық сақтау мекемелерінде ұзақ мерзім ата-анасының ем қабылдауы туралы құжаттар, баланы тастап кету туралы акт, баладан бас тарту туралы өтініш.

ППУ КЕАҚ басқарма төрағасы-ректордың шешімімен қабылдау комиссиясы құрылады. Қабылдау комиссиясының құрамына академиялық мәселелер жөніндегі проректор, жоғары мектеп декандары, басқа қызметкерлер кіреді. Қабылдау комиссиясы тақ санынан тұрады және комиссия мүшелерінің көпшілік дауысымен қабылдау комиссиясының төрағасы сайланады. Қабылдау комиссиясының төрағасы қабылдау комиссиясының жауапты хатшысын тағайындайды.

3-тарау. Арнаулы және шығармашылық емтихандарды қабылдау және өткізу тәртібі

21. Арнаулы және шығармашылық дайындықты талап ететін жоғары білімнің білім беру бағдарламалары топтары бойынша оқуға қабылдау арнаулы және шығармашылық емтихандар нәтижелерін ескере отырып жүзеге асырылады.

22. Арнаулы және шығармашылық емтиханды ұйымдастыру және өткізу үшін ППУ КЕАҚ шешімімен емтиханды өткізу кезеңіне емтихан комиссиясы құрылады. «Жалпы дамудың пәндік мамандандырылған мұғалімдерін даярлау» дайындық бағыты бойынша шығармашылық емтихандар бойынша комиссияның құрамына мәдениет және спорт саласындағы жергілікті уәкілетті органның өкілдері кіреді. Комиссия тақ саннан тұрады және

комиссия мүшелерінің көпшілік дауысымен комиссиясының төрағасы сайланады. Комиссия шешімі оның құрамының кемінде үштен екісі отырысқа қатысса заңды деп саналады. Комиссия шешімі емтиханға қатысушылар санының көпшілік дауысымен қабылданады. Комиссия мүшелерінің дауыстары тең болған жағдайда, төрағаның дауысы шешуші болып табылады.

Арнаулы және шығармашылық емтихандарды өткізу осы Үлгілік қағидалардың қосымшасына сәйкес арнаулы және (немесе) шығармашылық емтихан өткізілетін білім беру бағдарламалары топтарының Тізбесіне сәйкес білім беру бағдарламаларының топтары бойынша жүзеге асырылады.

23. Жоғары білімнің білім беру бағдарламалары бойынша түсуші тұлғалар арнаулы және шығармашылық емтихандар тапсыру үшін ППУ КЕАҚ қабылдау комиссиясына мынадай құжаттарды тапсырады:

1) Жалпы орта немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі туралы құжат (төлнұсқа);

2) 3 x 4 сантиметр көлеміндегі 2 фотосурет;

3) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

4) ҰБТ сертификаты (бар болған жағдайда);

5) 2014 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасы "Дене шынықтыру және спорт туралы" Заңының 35-бабының 1 тармақшасында белгіленген спорттық разрядтар және (немесе) спорттық атақтардың бірінің бар болған жағдайында, растайтын құжаттың көшірмесі (бар болған жағдайда) тапсырады.

Шығармашылық емтихан тапсыру үшін түсушілерден өтініштерді қабылдау ППУ КЕАҚ орналасқан жері бойынша күнтізбелік жылдың 20 маусымынан 7 шілдесіне дейін жүзеге асырылады (ҚР БҒМ мерзімін бекітпеген жағдайды қоспағанда).

24. Шығармашылық емтихан күнтізбелік жылғы 8-13 шілде аралығында өткізіледі (ҚР БҒМ мерзімін бекітпеген жағдайды қоспағанда).

Жалпы орта, техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі туралы құжаты бар, шығармашылық дайындықты талап ететін жоғары білімнің білім беру бағдарламаларына түсуші адамдар екі шығармашылық емтихан тапсырады.

Шығармашылық дайындықты талап ететін жоғары білімнің білім беру бағдарламаларының тобына қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білім кадрларын даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша түсуші адамдар бір шығармашылық емтихан тапсырады.

Осы Үлгілік қағидалардың қосымшасына сәйкес арнаулы және (немесе) шығармашылық емтиханды өткізу нысаны белгіленеді.

25. ППУ КЕАҚ «Педагогикалық ғылымдар» білім беру салаласы бойынша оқуға түсушілердің құжаттарын қабылдау және оқуға түсу үшін арнайы емтихан өткізу күнтізбелік жылдың 20 маусымы мен 20 тамызы аралығында жүзеге асырылады.

26. Шығармашылық дайындықты талап ететін, жоғары білімнің білім беру бағдарламалары тобына оқуға түсуші адамдар өздері таңдаған ППУ КЕАҚ шығармашылық емтиханды тапсырады.

27. Шығармашылық дайындықты талап ететін, жоғары білімнің білім беру бағдарламалары тобына түсетін орта немесе техникалық және кәсіптік,

орта білімнен кейінгі білімі бар адамдар үшін Қазақстан тарихы, оқу сауаттылығы (оқу тілі) бойынша балдар ескеріледі.

28. "Педагогикалық ғылымдар" саласы бойынша ППУ КЕАҚ түсуші адамдар ЖОО қабылдау комиссиясы өткізетін бір арнаулы емтихан тапсырады.

29. Қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білімі бар кадрларды даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша түсуші адамдар үшін жалпы бейіндік және арнайы пәндер бойынша балдар ескеріледі.

30. Арнаулы және шығармашылық емтиханды өткізу бағдарламаларын ЖОО әзірлейді және ППУ КЕАҚ қабылдау комиссиясының төрағасы бекітеді.

31. Арнаулы және шығармашылық емтихан кестесін (емтиханды өткізу нысаны, күні, уақыты, емтихан тапсыру орны, консультациялар) қабылдау комиссиясының төрағасы бекітеді және құжаттарды қабылдау басталғанға дейін оқуға түсушілердің назарына жеткізіледі және ППУ КЕАҚ ресми интернет – ресурсына жарияланады.

32. Оқуға түсуші арнаулы және шығармашылық емтихан өткізілетін аудиторияға жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткенде жіберіледі.

Бұл ретте арнаулы және шығармашылық емтихандар бейне немесе аудио жазбамен жабдықталған аудиторияларда өткізіледі.

Арнаулы және шығармашылық емтихан басталғанға дейін оқуға түсушілерге емтихан материалдары беріледі және титулдық парақты ресімдеу тәртібі түсіндіріледі, сондай-ақ арнаулы және шығармашылық емтиханның басталу және аяқталу уақыты, нәтижелерді жариялаудың уақыты мен орны және апелляцияға өтініштер беру рәсімі көрсетіледі.

33. Жалпы орта немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім туралы құжаты бар оқуға түсушілер үшін шығармашылық емтихандар 40 балдық жүйе бойынша бағаланады.

34. Қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білім кадрларын даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша оқуға түсушілер үшін шығармашылық емтихан 20 балдық жүйе бойынша бағаланады.

35. Оқуға түсушілер үшін арнаулы емтихан "өтті" немесе "өтпеді" деген нысанда бағаланады.

36. Шығармашылық емтиханды өткізу қорытындылары бағалау ведомосымен, арнаулы емтиханды өткізу қорытындылары рұқсат беру ведомосымен, комиссияның еркін нысандағы хаттамасымен ресімделеді және қабылдау комиссиясының жауапты хатшысына нәтижелерді жариялау үшін беріледі. Комиссия хаттамасына төраға және комиссияның барлық қатысқан мүшелері қол қояды.

37. Арнаулы және шығармашылық емтиханның нәтижелері емтихан өткізілген күні жарияланады.

38. «Педагогикалық ғылымдар» білім беру саласы бойынша арнайы емтихандарының нәтижелері бойынша түсушіге оқуға қабылдау орнына ұсыну үшін рұқсат беру ведомосінен үзінді беріледі.

39. Шығармашылық дайындықты талап ететін жоғары білімнің білім беру бағдарламаларының тобы бойынша жоғары білім грантының иегерлері шығармашылық емтихандарды тапсырған ЖЖОКБҰ-на қабылданады.

40. Емтихандарды өткізу кезеңіне арнаулы және (немесе) шығармашылық емтиханға қойылатын талаптарды сақтау, даулы мәселелерді шешу, тиісті емтихандарды тапсыратын адамдардың құқықтарын қорғау мақсатында ППУ КЕАҚ ректоры бұйрығымен төрағасын қосқанда тақ саннан тұратын апелляциялық комиссия құрылады.

Апелляцияға өтінішті апелляциялық комиссия төрағасының атына арнаулы немесе шығармашылық емтихан тапсырған адам өзі тапсырады, ол арнаулы немесе шығармашылық емтихан нәтижесі жарияланғаннан кейін келесі күні сағат 13.00-ге дейін қабылданады, апелляциялық комиссия оны бір күн ішінде қарайды.

Апелляциялық комиссияның шешімі отырысқа оның құрамының кемінде үштен екісі қатысса, заңды деп есептеледі. Арнаулы немесе шығармашылық емтихан нәтижелерімен келіспеу туралы апелляция бойынша шешім қатысушы комиссия мүшелері санының көпшілік дауысымен қабылданады. Апелляциялық комиссия мүшелерінің дауыстары тең болған жағдайда, төрағаның дауысы шешуші болып табылады. Апелляциялық комиссияның жұмысы төрағаның және барлық қатысушы комиссия мүшелерінің қолы қойылған хаттамамен ресімделеді.

41. Республикалық бюджет қаражаты есебінен білім беру грантын беру конкурсына қатысу үшін және (немесе) ақылы негізде ЖЖОКБҰ-ға оқуға қабылдау үшін ППУ КЕАҚ арнаулы және (немесе) шығармашылық емтиханның қорытындысын арнаулы және (немесе) шығармашылық емтихан аяқталған күні Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ұлттық тестілеу орталығының ақпараттық жүйесіне береді.

4-тарау. ЖЖОКБҰ-на қабылдау тәртібі

42. ЖЖОКБҰ-на қабылдау үшін көрсетілетін қызметті алушылар көрсетілетін қызметті берушіге (ЖЖОКБҰ-ның қабылдау комиссиясы арқылы) немесе www.egov.kz "электрондық үкіметтің" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы "Жоғары білім беру бағдарламалары бойынша оқыту үшін жоғары оқу орындарына құжаттар қабылдау және оқуға қабылдау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының (бұдан әрі – Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты) 8-тармағында көрсетілген құжаттар топтамасын ұсынады.

43. Түсушілерді студенттер қатарына қабылдау ЖЖОКБҰ-ның басшысының немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның бұйрығымен қабылдау комиссиялары күнтізбелік жылғы 10 мен 25 тамыз аралығында өткізеді.

44. Қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білімді кадрларды даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша түсушілерді қоспағанда, Үлгілік қағидалардың 4-тармағында белгіленген шекті балл алмаған (ҰБТ нәтижесі бойынша) орта, техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі бар тұлғалар ЖЖОКБҰ-ға күндізгі оқу бөліміне ақылы негізде қабылданады. ЖЖОКБҰ-да академиялық оқу кезеңі аяқталғаннан кейін осы тұлғалар жыл бойы ҰБТ-ны Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 2 мамырдағы № 204 бұйрығымен бекітілген Ұлттық



бірыңғай тестілеуді өткізу қағидаларында (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15173 болып тіркелген) (бұдан әрі - № 204 бұйрық) белгіленген мерзімде тапсырады.

45. Республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен білім беру грантын тағайындау туралы электрондық куәлік алған адамдар куәлікте көрсетілген ЖЖОКБҰ-ға қабылдау жөнінде өтініш береді және ЖЖОКБҰ-ның басшысының немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның бұйрығымен студент қатарына қабылданады.

46. Жоғары білім берудің шығармашылық білім беру бағдарламаларының топтары бойынша білім беру грантының иегерлері шығармашылық емтихан тапсырған ЖЖОКБҰ-ға қабылданады.

47. Мемлекеттік грант негізінде оқуға түскен Қазақстан Республикасының азаматтары Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен кемінде 3 (үш) жыл жұмыспен өтеу туралы шарт жасайды.

48. Оқуға түсушілер ЖЖОКБҰ-ның қабылдау комиссиясына қабылдау туралы өтінішпен бірге келесі құжаттарды тапсырады:

1) жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі немесе жоғары білімі туралы құжатын (төлнұсқа);

2) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін;

3) 3 x 4 сантиметр көлеміндегі 6 фотосуретін;

4) "Денсаулық сақтау ұйымдарының бастапқы медициналық құжаттама нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрі міндетін атқарушының 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6697 болып тіркелген) (бұдан әрі - № 907 бұйрық) 086-У нысанындағы медициналық анықтаманы;

5) ҰБТ сертификатын;

6) ведомостан үзіндіні (арнаулы және (немесе) шығармашылық дайындықты талап ететін, оның ішінде "Педагогикалық ғылымдар" және "Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамтамасыз ету (медицина)" білім беру саласы бойынша жоғары білімнің білім беру бағдарламаларына түсушілер үшін);

7) білім беру грантын тағайындау туралы куәлікті (бар болса) қоса береді.

Бірінші және екінші топтағы мүгедектер, бала кезінен мүгедектер, мүгедек балалар, жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне теңестірілген тұлғалар, Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын ұлты қазақ тұлғалар, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар үшін, сондай-ақ кәмелетке толғанға дейін ата-анасынан айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жастар қатарындағы Қазақстан Республикасының азаматтары артықшылықты құқық және квота беруді растайтын құжаттарды қосымша ұсынады.

49. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі туралы құжаттары бар, біліктілігін растаған және мамандығы бойынша кемінде бір жыл жұмыс өтілі бар тұлғалар қосымша келесі құжаттардың бірін:

1) еңбек кітапшасының көшірмесін (төлнұсқа салыстыру үшін көрсетіледі);

2) жұмыс берушінің қолы қойылған, ұйымның мөрімен (бар болса) расталған қызметтік тізімді (қызметкердің жұмысы, еңбек қызметі туралы мәліметтер тізбесі);

3) қызметкердің еңбек қызметі туралы мәліметтерді қамтитын архивтік анықтаманы;

4) аударылған міндетті зейнетақы жарналары туралы бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан үзінді көшірмелері және әлеуметтік төлемдер жүргізілгені туралы Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан мәліметтер;

5) мерзімі және оны тоқтату негіздемесі көрсетілген жұмыс берушінің еңбек шартын;

6) еңбек шартын жасау мен тоқтату негізінде еңбек қарым-қатынасының пайда болуы мен тоқтатылуын дәлелдейтін жұмыс берушінің актісінен үзіндіні;

7) жұмысшыларға жалақы беру ведомосынан үзіндіні қоса береді.

50. Қағиданың осы тармағына сәйкес ЖЖОКБҰ-ға қабылдау үшін тұлғалар қабылдау комиссиясына өтінішпен бірге:

1) жалпы орта немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім туралы құжатын (төлнұсқа);

2) 3 x 4 сантиметр көлеміндегі 6 фотосуретін;

3) № 907 бұйрығымен бекітілген 086-У нысанындағы медициналық анықтаманы;

4) ҰБТ сертификатын қоса береді.

51. Қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білімді кадрларды даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша түсушілерді қоспағанда, осы Қабылдау Ережелерінің 14-тармағында белгіленген шекті балл алмаған (ҰБТ нәтижесі бойынша), техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі бар тұлғалар ЖЖОКБҰ-ға күндізгі оқу бөліміне ақылы негізде қабылданады.

52. Республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен білім беру грантын тағайындау туралы куәлік алған адамдар куәлікте көрсетілген ЖЖОКБҰ-ға қабылдау жөнінде өтініш береді және басшының немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның бұйрығымен студент қатарына қабылданады.

Мақсатты трансферттердің шеңберінде, республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен білім беру грантын тағайындау туралы куәлік алған адамдар куәлікте көрсетілген ЖОО-ға қабылдау жөнінде өтініш береді және ректордың бұйрығымен студент қатарына қабылданады.

53. Жоғары білімнің шығармашылық білім беру бағдарламалары топтары бойынша білім беру грантын тағайындау туралы куәлік иегерлері өздері шығармашылық емтихан тапсырған ЖЖОКБҰ-на қабылданады.

54. Мемлекеттік грант негізінде оқуға түскен Қазақстан Республикасының азаматтары Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен кемінде 3 (үш) жыл жұмыспен өтеу туралы шарт жасайды.



55. Белгіленген мерзімге сәйкес ҰБТ тапсырған ағымдағы жылғы орта, техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі бар және белгіленген шекті балды жинаған адамдар жалпы орта немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі ППУ КЕАҚ ректорының атына ақылы негізде қабылдау туралы өтініш береді.

Жалпы орта немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім туралы құжат алғаннан кейін оқуға түсушілер белгіленген тізбеге сәйкес құжаттарды тапсырады.

56. ҰБТ-ның қосымша нәтижелері бойынша шекті балды жинаған адамдар ректордың атына ақылы негізде қабылдау туралы өтініш береді.

Өтінішке ҰБТ сертификаты мен АС жөніндегі проректордың қолы қойылған және мөрмен бекітілген транскрипт көшірмесі қоса беріледі.

Жоғарыда көрсетілген құжаттардың толық емес тізбесін ұсынған жағдайда қабылдау комиссиясы оқуға түсушілерден құжаттарды қабылдамайды.

57. ППУ КЕАҚ-на қабылдау жоғары білімнің білім беру бағдарламалары мен тілдік бөлімдері бойынша жеке жүргізіледі.

58. Қысқартылған оқыту мерзімін көздейтін, жоғары білім кадрларын даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша түсушілерді қоспағанда, шығармашылық емтихандар белгіленген жоғары білімнің білім беру бағдарламаларына қабылдау осы емтихандар бойынша алынған балдар есепке алына отырып жүргізіледі.

59. "Педагогикалық ғылымдар" білім беру салалары бойынша қабылдау арнаулы емтихан бойынша нәтижелері есепке алына отырып жүргізіледі.

60. Оқуға түсуші екінші деңгейдегі банктер беретін білім беру кредитін ресімдеген жағдайда, ол құжаттарының қаралып жатқандығы туралы банктен тиісті анықтаманы ұсынған кезде ППУ КЕАҚ-ның студенттері қатарына қабылданады.

Бұл ретте оған білім беру қызметін көрсету шартында белгіленген және азаматты оқуға қабылдауға дейін төленуі тиіс соманы төлеу мерзімі білім беру кредитін ресімдеу кезеңіне, бірақ банктен анықтама алған кезден бастап 4 (төрт) аптадан асырылмай ұзартылады.

61. Шет тілінде берілген құжаттар мемлекеттік немесе орыс тіліндегі нотариалдық куәландырылған аудармасымен қоса тапсырылады.

Шетелдік білім беру ұйымдары берген білім туралы құжаттар адамдар оқуға қабылданғаннан кейін оқудың бірінші академиялық кезеңі ішінде заңнамада белгіленген тәртіппен нострификациялау рәсімінен өтеді.

62. Қабылдау аяқталғаннан бастап күнтізбелік он күн ішінде ППУ КЕАҚ-ның қабылдау комиссиясы білім беру саласындағы уәкілетті органға студенттерді қабылдау бойынша қорытынды есеп ұсынады.

5 тарау. ППУ КЕАҚ магистратурасына және PhD докторантурасына түсу ережелері

63. «Павлодар педагогикалық университеті» КЕАҚ-ның магистранттары/докторанттары контингентін қалыптастыру ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысын



орналастыру, сондай-ақ азаматтардың жеке қаражаты есебінен оқу ақысын төлеу және басқа көздері арқылы жүзеге асырылады.

64. Қазақстан Республикасының азаматтары үшін әскери, арнайы оқу орындарын қоспағанда, мемлекет конкурстық негізде мемлекеттік білім беру тапсырысына сәйкес, егер олар осы деңгейдегі білімді бірінші рет алса, жоғары оқу орнынан кейінгі ақысыз білім алу құқығын ұсынады.

65. Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын азаматтығы жоқ адамдар, әскери, арнайы оқу орындарын қоспағанда, егер олар бірінші рет осы деңгейдегі білім алса, мемлекеттік білім беру тапсырысына сәйкес жоғары оқу орнынан кейінгі ақысыз білім ала алады.

66. Магистратура/PhD докторантурада шетелдіктерді оқыту ақылы негізде жүзеге асырылады. Мемлекеттік білім беру тапсырысына сәйкес шетелдіктердің конкурстық негізде жоғары оқу орнынан кейінгі ақысыз білім алу құқығы Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарымен айқындалады.

67. Магистратура/PhD докторантурада оқыту мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша және ақылы негізде жүзеге асырылады.

68. Магистратура/PhD докторантураға тұлғаларды қабылдау КТ және түсу емтихандарының нәтижелері бойынша конкурстық негізде жүзеге асырылады.

69. Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарында магистратура/PhD докторантураға түсу үшін шетелдік білім беру ұйымдарында білім туралы құжаттарды алған адамдар алынған білім деңгейіне және дайындық профиліне сәйкес, білім туралы құжаттарды тану немесе нострификациялау процедурасынан өтуі керек. Шетелдік білім беру ұйымдары берген білім туралы құжаттар халықаралық шарттарға (келісімдерге) сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында танылады.

70. Университеттің магистратура/PhD докторантураға сәйкесінше тиісті немесе аралас мамандықтар бойынша жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік оқу бағдарламаларын меңгерген азаматтар қабылданады. Мамандықтар сәйкес келмеген жағдайда «Павлодар педагогикалық университеті» КЕАҚ-ның мамандандырылған кафедралары магистратурасына/PhD докторантурасына сәйкес кәсіптік оқу бағдарламаларын меңгерудің қажетті алғышарттарын дербес анықтайды. Қажетті алғышарттар болмаған жағдайда магистрант/PhD докторантқа білім алушының жеке оқу жоспарына қосымша енгізілген оқудың бірінші жылының соңына дейін жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің негізгі бағдарламасы бойынша оларды ақылы негізде игеруге рұқсат етіледі. .

71. Мамандандырылған магистратураны бітірген магистрант PhD докторантураға педагогикалық бағдарламаларды қосымша меңгерген жағдайда жіберіледі.

72. Келіп түскен өтініштерді қабылдау:

магистратураға **1 маусым мен 15 шілде** аралығында өтеді,

PhD докторантураға **3 шілде мен 3 тамыз** аралығында өтеді.

Ағымдағы жылы құжаттар пакетін қабылдау, оларды тіркеу Ұлттық тестілеу орталығының (бұдан әрі - ҰТО) ақпараттық жүйесінде жүзеге асырылады және өтініш берушіге құжаттар топтамасын қабылдау туралы



қолхат беру өтінішті алған күні келіп түседі. , немесе құжаттар пакеті толық болмаған жағдайда құжаттарды қабылдаудан бас тартады.

73. Кешендік тестілеу:

- магистратурада күнтізбелік жылдың 20 шілдесінен 10 тамызына дейін өткізіледі;

- PhD докторантура үшін докторантураға арналған білім беру бағдарламалары топтарына қабылдау емтихандары ағымдағы жылдың 4 және 20 тамызы аралығында компьютерлік форматта Өңірлік тестілеу орталықтарының (бұдан әрі - ӨТО) базасында өткізіледі.

74. Магистратура мен докторантураға оқуға қабылдау ағымдағы жылдың 28 тамызына дейін жүргізіледі.

6 тарау. Магистратураға және PhD докторантураға түсу үшін құжаттарды қабылдау тәртібі

75. Құжаттарды қабылдау және қабылдау емтихандарын ұйымдастыру үшін Университетте қабылдау комиссиясы құрылады. Қабылдау комиссиясының төрағасы - Университеттің басшысы болып табылады. Қабылдау комиссиясының құрамы университет басшысының бұйрығымен бекітіледі.

76. Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын меңгерген тұлғалар магистратураға қабылданады.

77. Магистратураға түсуші тұлғалар, Университетке келесі құжаттарды тапсырады:

1) университет басшысының атына еркін нысандағы өтініш;

2) жоғары білім туралы құжат (түпнұсқа);

3) жеке басын куәландыратын құжат (жеке басын сәйкестендіру үшін қажет);

4) көлемі 3x4 сантиметр алты фотосурет;

5) "Денсаулық сақтау ұйымдарының бастапқы медициналық құжаттаманы сандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6697 болып тіркелген) (бұданәрі - № 907 бұйрық) 086-У нысанындағы медициналық анықтаманы;

6) шет тілінен тест тапсырғаны туралы сертификат (ағылшын тілі, бар болған жағдайда);

7) еңбек қызметін растайтын құжат (еңбек өтілі бар адамдар үшін);

8) ғылыми және ғылыми-әдістемелік жұмыстардың тізімі (бар болған жағдайда). Осы тармақта көрсетілген құжаттардың көшірмелерімен бірге олардың түпнұсқалары салыстыру үшін ұсынылады. Тексеруден кейін түпнұсқалар қайтарылады.

78. Докторантураға «магистр» дәрежесі бар және кемінде 9 (тоғыз) ай жұмыс өтілі бар азаматтар қабылданады.

79. Докторантураға түсетін және осы Ереженің талаптарына жауап беретін тұлғалар Университетке келесі құжаттарды ұсынады:

1) ЖЖОКБҰ басшысының атына жазылған өтініш (еркін нысанда);



2) білімі туралы құжат (қабылдау комиссиясына құжаттар тапсырған кезде түпнұсқа);

3) жеке басын куәландыратын құжат (жеке басын сәйкестендіру үшін қажет);

4) шет тілінен тест тапсырғаны туралы электрондық сертификат (ағылшын, неміс, француз тілдері) шетел тілі бойынша тест тапсырғаны туралы сертификат (ағылшын, француз, неміс) International English Language tests System (IELTS, шекті балл кемінде – 5,5), IELTS INDICATOR (АЙТЛС Индикатор) шекті балл – кемінде 5,5, Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm (TOEFL ITP (ТОЙФЛ АйТиПи) шекті балл – кемінде 460, Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm Internet-based Test (TOEFL IBT, шекті балл – кемінде 46), Test of English as a Foreign Language paper-based testing, (TOEFL PBT, шекті балл – кемінде 453), Deutsche Sprachpruefung fuer den Hochschulzugang (DSH, Niveau B2/B2 деңгейі), Test DaF– Pruefung (Niveau B2/B2 деңгейі), Test de Franzais international™ (TFI – оқу және тыңдау секциялары бойынша B2 деңгейінен төмен емес), Diplome d'Etudes en Langue franzaise (DELFA, B2 деңгейі), Diplome Approfondi de Langue franzaise (DALF, B2 деңгейі), Test de connaissance du franzais (TCF – кемінде 50 балл);

5) № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрықпен бекітілген 075/у нысаны бойынша электрондық форматтағы медициналық анықтама. Белгілі бір аумақта шектеу іс-шаралары жүзеге асырылған, төтенше жағдай енгізілген, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған жағдайларда осы іс-шаралардың алынуына қарай тікелей білім беру ұйымдарына медициналық анықтама ұсынады;

6) өлшемі 3x4 сантиметр алты фотосурет;

7) кадрлар есебі бойынша жеке іс парағы немесе жұмыс орны бойынша кадр бөлімі растаған еңбек қызметін растайтын басқа құжатты тапсырады.

8) соңғы 3 күнтізбелік жылдағы ғылыми және ғылыми-әдістемелік жұмыстардың тізімі (ғылыми жарияланымдар, зерттеулерді өткізу жоспары, эссе және басқа құжаттар).

Құжаттардың көшірмелерімен бірге түпнұсқасы салыстыру үшін ұсынылады. Тексеруден кейін түпнұсқалар қайтарылады.

80. Шетелдіктерді докторантураға қабылдау ақылы негізде жүзеге асырылады. Жоғары оқу орнынан кейінгі ақысыз білім берудің мемлекеттік білім беру тапсырысына сәйкес конкурстық негізде шетелдіктердің түсуі, магистратураға арналған стипендиялық бағдарламаны қоспағанда, Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарымен айқындалады.

81. Шетелдік азаматтарды ЖЖОКБҰ немесе ғылыми ұйымдарға ақылы негізде оқуға қабылдау күнтізбелік жыл ішінде ЖЖОКБҰ немесе ғылыми ұйымдардың қабылдау комиссиялары өткізген әңгімелесу нәтижелері бойынша жүзеге асырылады.

7 тарау. Қабылдау емтихандарын өткізу тәртібі

82. Магистратураға түсетін адамдар білім беру бағдарламалары топтары үшін шет тілінен, білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша



тестілеуден, оқуға дайындықты анықтаудан тұратын кешенді тестілеуден өтеді.

83. Шет тілін меңгерудің жалпыеуропалық құзыреттеріне (стандарттарына) сәйкес шет тілін меңгергенін растайтын бір халықаралық сертификаттары бар тұлғалар мынадай тілдер бойынша магистратураға КТ-ның шет тілі бойынша тестінен босатылады:

- International English Language Tests System (IELTS), шекті балл – кемінде 6.0;

- IELTS INDICATOR (АЙЛТС Индикатор), шекті балл – кемінде 6,0;

- Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm (TOEFL ITP), шекті балл – кемінде 543;

- Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm (TOEFL IBT), шекті балл – кемінде 60;

- Test of English as a Foreign Language Paper-based testing (TOEFL PBT), шекті балл – кемінде 498.

84. Докторантураға түсушілер шет тілін (ағылшын, неміс, француз) меңгергендігін растайтын электронды сертификат ұсынады: International English Language Tests System (IELTS), шекті балл – кемінде 5,5; IELTS INDICATOR (АЙЛТС Индикатор), шекті балл – кемінде 5,5; Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm (TOEFL ITP (ТОЙФЛ АйТиПи), шекті балл – кемінде 460; Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm Internet-based Test (TOEFL IBT), шекті балл – кемінде 46); Test of English as a Foreign Language Paper-based testing (TOEFL PBT) шекті балл – кемінде 453; Deutsche Sprachpruefung fuer den Hochschulzugang (DSH, Niveau B2/B2 деңгейі), TestDaF-Pruefung (Niveau B2/B2 деңгейі); Test de Franzais International™ (TFI (ТФИ) – оқу және тыңдалым секциялары бойынша B2 деңгейден төмен емес), Diplome d'Etudes en Langue franzaise - (DELF, B2 деңгейі), Diplome Approfondi de Langue franzaise - (DALF, B2 деңгейі), Test de connaissance du franzaais (TCF – кемінде 50 балл).

85. Магистратура/PhD докторантурасына ақылы негізде оқуға түскен шетелдік азаматтар оқыту тілі (қазақ, орыс) және білім беру бағдарламалары бойынша қабылдау емтихандарын тапсырады.

86. Магистратура мен докторантураға түсу емтиханын (кешенді тестілеу) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ұлттық тестілеу орталығымен (бұдан әрі - ҰТО) өткізіледі. Кешенді тестілеу нәтижелері бойынша сертификат беріледі.

87. Кешенді тестілеу Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі (бұдан әрі - ҚР БҒМ) анықтайтын түсу емтихандарын қабылдау пункттерінде өткізіледі. Кешенді тестілеуді оларды жеткізген жылы қайта тапсыруға жол берілмейді.

88. Қабылдау емтихандары мен докторантураға түсу кезеңінде ЖЖОКБҰ жанынан емтихан комиссиялары құрылып, эсселер мен емтихан сұрақтарына жауаптар тексеріліп, білім беру бағдарламалары топтары бойынша апелляциялық комиссиялар құрылады. Кадрларды даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша бір емтихан комиссиясын құруға жол беріледі.

89. Емтихан комиссияларының құрамы тиісті бейінге сәйкес ғылым докторы немесе кандидаты ғылыми дәрежесі бар немесе философия докторы

(PhD) дәрежесі бар ЖЖОКБҰ профессор-оқытушылық құрамының қатарынан құрылады. Емтихан комиссияларының құрамы олардың төрағаларын көрсете отырып, ректордың бұйрығымен бекітіледі.

90. Емтихан комиссиясының құрамына апелляциялық комиссия мүшелері кірмейді.

91. Емтихан комиссияларының құрамы, олардың төрағаларын көрсете отырып, ректордың бұйрығымен бекітіледі және білім беру саласындағы уәкілетті органға жіберіледі.

92. Университеттің емтихан комиссиялары жұмысты талапкердің жеке коды бойынша тексереді және емтихан нәтижелерін ақпараттық жүйе арқылы ҰТО-ға нәтижелерін одан әрі жариялау үшін жібереді.

93. Қабылдау емтиханының нәтижелері қабылдау емтихандарынан кейін келесі күні жарияланады. Талапкерлер қабылдау емтиханының нәтижелерімен емтиханнан кейін келесі күні жеке кабинетінде таныса алады.

94. Қабылдау емтиханының нәтижелері жарияланғаннан кейін келесі күні ӨТО базасында сағат 13:00-ден 13:30-ға дейін апелляцияға өтініштер қабылданады.

95. Апелляцияға өтінімдерді университеттің апелляциялық комиссиясы өтінім берілген күннен бастап бір күн ішінде қарайды.

96. Докторантураға түсетін тұлғалардың тест тапсырмаларының мазмұны мен оқуға дайындығын анықтауға арналған тест блогының техникалық себептері туралы өтінішін ҰТО Республикалық апелляциялық комиссиясы қарайды.

Техникалық себептер бойынша апелляцияға өтінішті талапкерлер қабылдау емтиханы кезінде береді.

Техникалық себеп бойынша апелляция тест тапсырмаларында үзінді немесе мәтін болмаған кезде қарастырылады.

Апелляция өтінішінде көрсетілген нақты фактілер қарастыруға жатқызылады.

Түсуші тест тапсырмасының шартында дұрыс жауапты анықтауға қажетті фрагменттің (мәтін, сызбалар, суреттер, кестелер) жоқтығын анықтаған жағдайда экрандағы "техникалық апелляция" қосымшасына белгі қояды.

Апелляция тест тапсырмаларының мазмұны бойынша мынадай жағдайларда қарастырылады:

- 1) дұрыс жауап дұрыс жауаптар кодымен сәйкес келмесе (дұрыс жауаптың нұсқасы көрсетіледі);
- 2) дұрыс жауап болмаса;
- 3) берілген барлық жауап нұсқасынан бір дұрыс жауапты таңдауға арналған тест тапсырмаларында бірден көп дұрыс жауап болса (дұрыс жауаптардың барлық нұсқалары көрсетіледі);
- 4) тест тапсырмасы дұрыс құрылмаса.

Тест тапсырмаларын қайта қарау үшін мазмұнға өтінім берген кезде өтініш беруші дәлелді негіздеме (толық түсініктеме) көрсетеді.

Барлық тест тапсырмаларын қайта қарау туралы апелляцияға өтініштер дәлелді негізді көрсетпестен (толық түсіндіру, мәселелерді кезең-кезеңімен шешу) қаралуға жатпайды.



Эссе және бейінді емтихан нәтижелері бойынша апелляцияны университеттің апелляциялық комиссиялары жүзеге асырады.

Желідегі апелляция нәтижелері бойынша өтініш берушінің жеке кабинеті апелляцияны ескере отырып, қабылдау емтиханының нәтижелерін көрсетеді.

97. Қабылдау емтиханының нәтижелері бойынша электронды сертификат беріледі, ол ҰТО сайтында расталады.

98. Қабылдау емтихандары аяқталғаннан кейін, ҰТО қабылдау емтиханының бейнебақылау жазбаларына талдау жасайды.

Егер өтініш беруші түсу емтиханы кезінде тыйым салынған заттардың бірін пайдаланғаны анықталса, қабылдау емтиханының нәтижелері жойылады. Республикалық бюджет қаражаты есебінен білім беру грантын тағайындауға арналған конкурстың нәтижелерін жою білім беру саласындағы уәкілетті органның бұйрығымен, күнтізбелік жыл ішінде жүзеге асырылады.

Қабылдау емтиханы аяқталғаннан кейін ҰТО күнтізбелік жылдың 25 тамызына дейін түсу емтиханының бейнебақылау жазбаларын қарайды.

Талапкерлердің қабылдау емтиханы кезінде тыйым салынған заттарды қолданғаны анықталған жағдайда, ҰТО қабылдау емтиханы кезінде тыйым салынған заттарды пайдалануды анықтау туралы Акт жасайды және білім беру саласындағы уәкілетті органға растайтын материалдармен жіберіледі. Әрі қарай, білім беру саласындағы уәкілетті органның бұйрығымен түсу емтиханының нәтижелері жойылады.

Қабылдау емтиханының нәтижелері жойылғаннан кейін ЖЖОКБҰ түсушілерге хабарлама жібереді.

99. Апелляциялық комиссия емтихан материалдарының мазмұны мен техникалық себептерге негізделген магистратураға/докторантураға оқуға түсушілердің өтініштерін қабылдайды және қарайды.

Апелляциялық комиссия жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламалары топтарына түсу емтиханының нәтижелеріне шағымданған тұлғаға балл қосу туралы шешім қабылдайды.

Магистратурада оқуға арналған кешенді тестілеудің апелляциясын қарау нәтижелерін апелляциялық комиссия республикалық апелляциялық комиссияға береді. Республикалық апелляциялық комиссия апелляциялық комиссияның ұсынысының негізділігін қарайды және апелляциялық комиссияның ұсынысы түскеннен кейін бір күн ішінде магистратурада оқуға кешенді тестілеу нәтижелеріне шағымданған тұлғаға баллдарды қосу туралы шешім қабылдайды.

100. Апелляциялық шағымды апелляциялық комиссия төрағасының атына магистратураға, докторантураға түсетін тұлға береді. Емтихан материалдарының мазмұны және техникалық себептер бойынша өтініштер қабылдау емтихандарының нәтижелері жарияланғаннан кейінгі келесі күні сағат 13.00-ге дейін қабылданады және апелляциялық комиссия өтініш берілген күннен бастап бір күн ішінде қарайды.

Қабылдау емтихандарының нәтижелері олар өткізілген күні шығарылады.

Апелляциялық комиссия әр адаммен жеке жұмыс істейді. Егер тұлға апелляциялық комиссияның отырысына келмесе, оның апелляциялық шағымы қаралмайды.

8 тарау. Магистратура мен докторантураға түсу

101. Магистратураға тұлғаларды ақылы негізде қабылдау КТ қорытындылары бойынша Үлгілік қағидаларға 7-қосымшаға (бұдан әрі – 7-қосымша) сәйкес оқыту қазақ немесе орыс тілінде жүргізілетін магистратураға кешенді тестілеу үшін 150 балдық бағалау жүйесінің шәкіліне сәйкес кемінде 50 балл, бұл ретте шет тілі бойынша кемінде 25 балл, білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша: бір дұрыс жауап таңдау бойынша – кемінде 7 балл, бір немесе бірнеше дұрыс жауап таңдау бойынша – кемінде 7 балл, оқуға дайындығын анықтауға арналған тест бойынша – кемінде 7 балл жинаған жағдайда жүзеге асырылады.

102. Оқыту ағылшын тілінде жүргізілетін магистратураға тұлғаларды ақылы негізде қабылдау КТ қорытындылары бойынша Үлгілік қағидаларға 8-қосымшаға (бұдан әрі – 8-қосымша) сәйкес оқыту ағылшын тілдерінде жүргізілетін магистратурада білім алу үшін кешенді тестілеу үшін 100 балдық бағалау жүйесінің шәкіліне сәйкес кемінде 25 балл, бұл ретте оқуға дайындығын анықтауға арналған тест бойынша – кемінде 7 балл, білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша: бір дұрыс жауап таңдау бойынша – кемінде 7 балл, бір немесе бірнеше дұрыс жауап таңдау бойынша – кемінде 7 балл жинаған жағдайда жүзеге асырылады.

103. Білім беру тапсырысы бойынша білім алу үшін ғылыми-педагогикалық және бейінді магистратура үшін кешенді тестілеуден кемінде 75 балл жинаған тұлғалар Кесте – 1 сәйкес конкурстық негізде қабылданады.

Кесте 1 - Оқыту қазақ немесе орыс тілінде жүргізілетін магистратурада білім алу үшін кешенді тестілеудің 150 балдық бағалау жүйесінің шкаласы

Тест түрлері	Тапсырма нысандары	Тапсыру тілі	Тестер саны	Балл	Шекті балл
Шет тілі бойынша тест	Тыңдалым	Ағылшын	50	50	25
	Лексика-грамматикалық тест				
	Оқылым				
Оқуға дайындығын анықтауға арналған тест	Бір дұрыс жауапты таңдау	Қазақ / орыс	30	30	7
Білім беру бағдарламалар	Бір дұрыс жауапты таңдау	Қазақ / орыс	30	30	7

ы тобының бейіні бойынша тест	Бір немесе бірнеше дұрыс жауапты таңдау	Қазақ / орыс	20	40	7
Барлығы			130	150	75**

Қағидалардың 3.2-тармағында көрсетілген шет тілінен (ағылшын) тестілеуден өткендігі туралы сертификаттары бар тұлғаларға 100 балдық бағалау жүйесі бойынша ең жоғары балл қойылады.

Мемлекеттік тапсырыс бойынша университетке қабылданғандардың тізімі университет сайтында 25 тамызға дейін жарияланады.

104. Докторантураға оқуға қабылдау комиссиясы докторантураның білім беру бағдарламалары топтары үшін КТ нәтижелері және шетел тілін білудің жалпыеуропалық құзыреттеріне (стандарттарына) сәйкес шет тілін білетіндігін растайтын сертификат негізінде жүзеге асырады.

Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша докторантураға түсу үшін өту баллы - 75 балл, ақылы негізде докторантураға түсу үшін өту баллы - 50 балл.

105. Конкурстық балдардың көрсеткіштері бірдей болған жағдайда, докторантураға қабылдау кезінде басым құқық білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша түсу емтиханында ең жоғары баға алған тұлғаға беріледі. Содан соң эссе, оқуға дайындығын анықтауға арналған тест балдары, білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес ғылыми жетістіктері: ғылыми жарияланымдар, оның ішінде Clarivate Analytics компаниясының Web of science деректер базасының Journal Citation Reports деректері бойынша соңғы күнтізбелік 3 жылдағы 1, 2 квартильге кіретін рейтингтік ғылыми басылымдардағы жарияланымдар; ғылыми әзірлемелер туралы куәліктер; ғылыми стипендияларды, гранттарды тағайындау туралы сертификаттар; ғылыми конференцияларға және конкурстарға қатысқаны үшін берілген грамоталар/дипломдар ескеріледі.

106. Мемлекеттік немесе ресми тілі ағылшын тілі болып табылатын елдерде шетелдік ЖЖОКБҰ-ны аяқтаған және экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымына (ЭЫДҰ) мүше мемлекеттердің аккредиттеу органдарының тізіліміне және (немесе) қауымдастығына енгізілген шетелдік аккредиттеу органдарының мамандандырылған аккредитациясы бар тұлғалар 5 жыл ішінде осы тармақта көрсетілген шет тілін меңгерудің жалпыеуропалық құзыреттеріне (стандарттарына) сәйкес шет тілін меңгергенін растайтын халықаралық сертификаттарды ұсынбайды.

107. ҚР Мәдениет және спорт министрлігі мен ҚР Денсаулық сақтау министрлігіне бағынышты ЖЖОКБҰ түсушілер өздерінің ЖЖОКБҰ базасында қабылдау емтихандарын тапсырады.

108. Университет білім беру саласындағы уәкілетті органдарға күнтізбелік 10 күн ішінде қабылдауды ұйымдастыру және өткізу бойынша қорытынды есепті, сондай-ақ мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша магистратураға және докторантураға қабылдау туралы бұйрықтардың көшірмелерін ұсынады.

«Павлодар педагогикалық университеті» КЕАҚ-на жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша 2020-2021 оқу жылдарына оқуға қабылдау ережелеріне
1-қосымша

Арнаулы және (немесе) шығармашылық емтихан өткізілетін білім беру бағдарламалары топтарының тізбесі

Білім беру бағдарламалары Білім беру бағдарламалары топтарының топтарының нөмірі атауы

Арнаулы дайындықты талап ететін білім беру бағдарламалары топтары

V001	Педагогика және психология
V002	Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу
V003	Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі
V008	Құқық және экономика негіздері мұғалімдерін даярлау
V009	Математика мұғалімдерін даярлау
V010	Физика мұғалімдерін даярлау
V011	Информатика мұғалімдерін даярлау
V012	Химия мұғалімдерін даярлау
V013	Биология мұғалімдерін даярлау
V014	География мұғалімдерін даярлау
V015	Гуманитарлық пәндер мұғалімдерін даярлау
V016	Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау
V017	Орыс тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау
V018	Шет тілі мұғалімдерін даярлау
V019	Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану мамандарын даярлау
V020	Арнайы педагогика



Шығармашылық дайындықты талап ететін білім беру бағдарламалары топтары

V004	Бастапқы әскери дайындық мұғалімдерін даярлау
V005	Дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау
V006	Музыка мұғалімдерін даярлау
V007	Көркем еңбек және сызу мұғалімдерін даярлау



«Павлодар педагогикалық университеті» КЕАҚ-на жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша 2020-2021 оқу жылдарына оқуға қабылдау ережелеріне 2-қосымша

Арнаулы және (немесе) шығармашылық емтиханның өткізу формасы

Білім беру бағдарламалары топтарының нөмірі	Білім беру бағдарламалары топтарының атауы	Арнаулы және (немесе) шығармашылық емтиханның өткізу формасы
1	2	3
Арнаулы дайындықты талап ететін білім беру бағдарламалары топтары		
B001	Педагогика және психология	Педагогикалық жағдаятты шешу
B002	Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу	Педагогикалық жағдаятты шешу
B003	Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі	Педагогикалық жағдаятты шешу
B008	Құқық және экономика негіздері мұғалімдерін даярлау	Педагогикалық жағдаятты шешу
B009	Математика мұғалімдерін даярлау	Педагогикалық жағдаятты шешу
B010	Физика мұғалімдерін даярлау	Педагогикалық жағдаятты шешу
B011	Информатика мұғалімдерін даярлау	Педагогикалық жағдаятты шешу
B012	Химия мұғалімдерін даярлау	Педагогикалық жағдаятты шешу

V013	Биология мұғалімдерін даярлау		Педагогикалық жағдаятты шешу
V014	География мұғалімдерін даярлау		Педагогикалық жағдаятты шешу
V015	Гуманитарлық мұғалімдерін даярлау	пәндер	Педагогикалық жағдаятты шешу
V016	Қазақ тілі мен мұғалімдерін даярлау	әдебиеті	Педагогикалық жағдаятты шешу
V017	Орыс тілі мен мұғалімдерін даярлау	әдебиеті	Педагогикалық жағдаятты шешу
V018	Шет тілі мұғалімдерін даярлау		Педагогикалық жағдаятты шешу
V019	Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану мамандарын даярлау		Педагогикалық жағдаятты шешу
V020	Арнайы педагогика		Педагогикалық жағдаятты шешу
Шығармашылық дайындықты талап ететін білім беру бағдарламалары топтары			
1	2	3*	4
V004	Бастапқы әскери дайындық мұғалімдерін даярлау	Спорт түрлері бойынша нормативтер	Спорт ойындары
V005	Дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау	Мамандану бойынша нормативтер	Жалпы дене даярлығы бойынша нормативтер
V006	Музыка мұғалімдерін даярлау	Орындау шеберлігі	Жалпы музыкалық қабілетін көрсету
V007	Көркем және мұғалімдерін даярлау	Көркем еңбек сызу	Сурет (адам бетінің гипстен жасалған маскасының суреті)
			Кескіндеме (натюрморт)